



2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

№	Код и название модулей	Общее кол-во кредитов	№	Код и наименование дисциплины	Акад.кредит дисциплины	Цикл/компонент
1	GES -1 Жалпы білім беретін пәндер	36	1	GES 101 Қазақстан тарихы	5	ООД/ ОК
			2	GES 102 Философия	5	ООД/ ОК
			3	GES 103 Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)	8	ООД/ ОК
			4	GES 1(2)04 Дене шынықтыру	8	ООД/ ОК
			5	GES 205 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	ООД/ ОК
			6	1. GES 106/1 Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері/ 2. GES 106/2 Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері/ 3. GES 106/3 Экономика және кәсіпкерлік негіздері/ 4. GES 106/4 Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу/ 5. GES 106/5 Эмоционалды интеллект 6. GES 106/6 Математикалық статистика негіздері	5	ООД/ КВ
2	GLC -2 Тілдік коммуникация	20	1	GLC 101 Қазақ (Орыс) тілі	10	ООД/ ОК
				GLC 102 Шетел тілі	10	ООД/ ОК
3	ICP -3 Клиникалық психологияға кіріспе Введение в клиническую психологию Introduction to Clinical Psychology	11		ICP101 Жалпы психология	5	БД ВК
				ICP 102 Клиникалық психологияға кіріспе	4	БД ВК
				ICP 103 Оқу практикасы	2	БД УП
4	PPID -4 Тұлға және индивидуалды	23		PPID 201 Әлеуметтік психология	6	БД ВК
				PPID 202/1 Тұлға психологиясы/ PPID 202/2 Тұлға теориялары	6	БД/КВ



	өзгешеліктер психологиясы Психология личности и индивидуальных различий Psychology of personality and individual differences		PPID 203/1 Даму психологиясы / PPID 203/2 Жас ерекшелік психологиясы	5	БД/КВ
			PPID 204/1 Дифференциальды психология/ PPID 204/2 Индивидуалды өзгешеліктер психологиясы	5	БД/КВ
			ICP 103 Оқу практикасы	1	БД УП
5	MFSP -5 Клиникалық психологияның медициналық негіздері Медицинские основы клинической психологии Medical fundamentals of clinical psychology	30	MFSP201/1 Тұқым қуалайтын және генетикалық аурулар негіздері/ MFSP201/2 Тұқым қуалайтын аурулар	5	БД/КВ
			MFSP202/1 Нейропсихология/ MFSP202/2 Жорғы жүйке әрекетінің негіздері	5	БД/КВ
			MFSP203/1 Психопатология/ MFSP203/2 Психикалық бұзылыстардың клиникасы	5	БД/КВ
			MFSP204/1 Сексопатология/ MFSP204/2 Жыныстық қатынастар психологиясы	5	БД/КВ
			MFSP205 Психиатрия және наркологиya	5	ПД ВК
			MFSP206 Неврология	5	БД ВК
6	РАСП -6 Клиникалық психологияның психофизиологиялық аспектілері Психофизиологические аспекты клинической психологии Psychophysiological aspects of clinical psychology	15	РАСП 301 Психосоматика	5	БД ВК
			РАСП 302/1 Психофизиология/ РАСП 302/2 Психикалық іс-әрекеттің физиологиялық негіздері	5	БД/КВ
			РАСП 303/1 Психикалық саулық және аддикция/ РАСП 303/2 Тәуелділік мінез-құлық психологиясы	5	БД/КВ
7	ССВРС -7 Коммуникативтік күзіреттілік және психотерапевтік қарым-қатынас негіздері Коммуникативная компетентность и основы психотерапевтического общения Communicative competence and the	18	ССВРС 301 Медициналық ортадағы коммуникативтік дағдылар	6	ПД ВК
			ССВРС 302/1 Психологиялық кеңес беру негіздері/ ССВРС 302/2 Психологиялық кеңес беру технологиялары	6	ПД КВ
			ССВРС 303/1 Психотерапия/ ССВРС 303/2 Психотерапия әдістері	6	ПД КВ



	basics of psychotherapeutic communication					
8	CPW -8 Клиникалық психологияның практикумы Практикум по клинической психологии Clinical Psychology Workshop	27		CPW 301/1 Психодиагностика/ CPW 301/2 Методики исследования личности и коллектива	5	БД/КВ
				CPW 302/1 Патопсихологияның практикумы CPW 302/2 Патопсихологиялық психодиагностика	6	БД/КВ
				03 Өндірістік практика	5	ПП
				CPW304 Психологиялық сараптама негіздері	6	ПД ВК
				CPW 305/1 Аутистік спектрлер бұзылысы/ CPW 305/2 Тұлғаның нейрпсихологиялық бұзылыстары	5	ПД КВ
9	МАСР -9 Клиникалық психологиядағы қазіргі бағыттар Современные подходы в клинической психологии Modern approaches in clinical psychology	30		МАСР 401 Клиникалық психологияны зерттеудің әдіснамасы/ МАСР 401/2 Клиникалық психологиядағы зерттеулерді жобалау	5	БД/КВ
				МАСР 402 Отбасылық кеңес беру және психотерапия	5	БД ВК
				МАСР 403/1 Қазіргі когнитивті-мінез-құлықтық терапия/ МАСР 403/2 Рационалды-эмотивті терапия	5	БД/КВ
				МАСР 404/1 Суицидология негіздері/ МАСР 404/2 Жеткіншектердің суицидтік мінез-құлқын түзету мен алдын алу	5	БД ВК
				МАСР 405/1 Ауытқыған мінез-құлықтар психологиясы/ МАСР 405/2 Девиантология	5	БД/КВ
				МАСР 406 Психологиядағы математикалық әдістер/	5	БД КВ
10	ААСРА – 10 Клиникалық психолог қызметінің қолданбалы аспектілері Прикладные аспекты деятельности клинического психолога Applied aspects of the Clinical Psychologist's activity	30		ААСРА 401 Медициналық құқық	4	БД ВК
				PP404 Өндірістік практика	11	ПП
				PP404 Өндірістік практика	5	ПП
				PP404 Дипломалды (өндірістік) практика	2	ПП



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

11	WDDP(P) Қорытынды аттестаттау			Қорытынды аттестаттау РСЕ 401 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	8	ИА
	БАРЛЫҒЫ:	240			240	



2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

GES-1 Жалпы білім беретін пәндер

Модуль сипаттамасы: Модуль адамның өмірі мен жұмысының барлық салаларында ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін міндетті пәндер жиынтығымен ұсынылған. Модуль пәндері ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру арқылы бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, салауатты өмір салтына, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа жетуге бағытталған. Студенттер философияның дамуы және рефлексия әдістемесінің ғылымның дамуына әсері туралы жалпы мағлұмат ала отырып, мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіне алады, Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін талдайды.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	GES 101 Қазақстан тарихы	ЖБП/ МК	5	Пәннің мақсаты – студенттерге Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі дамуының негізгі кезеңдері туралы білім беру болып табылады. Оқыту нәтижесінде студенттер: Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдері туралы білімдерін және түсінігін көрсетеді; өткен тарихи құбылыстар мен оқиғаларды сыни талдау арқылы адамзат қоғамының дүниежүзілік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен салыстырады; қазіргі Қазақстанның тарихи процестері мен құбылыстарын зерттеуде аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын меңгереді; қазіргі қазақстандық даму моделінің имманенттік ерекшеліктерін объективті және жан-жақты түсіне біледі; Қазақстан тарихындағы тарихи құбылыстар мен процестерді жүйелейді және сыни тұрғыдан бағалайды.	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; қонақ дәрістер; Топтық жұмыс; Менталды карта әдісі	ОН 2	Эсселер, презентациялар, ауызша емтихан
2	GES 102 Философия	ЖБП/ МК	5	Бағдарламаның мақсаты – студенттерде философияны әлемді танудың ерекше формасы ретінде, оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен болашақ кәсіби іс-әрекеттер контекстінде оларды зерттеу әдістері туралы тұтас түсінігін қалыптастыру	Рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, жобалар әзірлеу; тренингтер; миға шабуыл	ОН 2; ОН 3	Тест; эссе талқылау



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				болып табылады. Философияның тарихи дамуы контекстінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттайды.			
3	GES 103 Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)	ЖБП/ МК	8	Бағдарламаның мақсаты – қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу жағдайында студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Студенттер осы пәндердің өзара байланысын, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, қоғамдық қатынастар, мәдени құндылықтар мен саяси жүйеге әсерін білетін болады. Пән аналитикалық ойлауды, сыни тұрғыдан ойлау мен күрделі әлеуметтік құбылыстарды түсіну қабілетін дамытады, сонымен қатар студенттердің толеранттылығы мен азаматтық белсенділігін қалыптастыруға ықпал етеді.	Кейстер; презентациялар, диаграммалар; сұрақ-жауаптар; топтық жаттығулар; интербелсенді әдістер	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Тест; кейс талдау; презентация қорғау; мақалаларды, баяндамаларды талқылау
4	GES 1(2)04 Дене шынықтыру	ЖБП/ МК	8	Бағдарламаның мақсаты - денсаулық сақтау технологиялары арқылы студенттердің қозғалыс мәдениеті мен қасиеттерін тәрбиелеу. Студенттер әртүрлі спорт түрлері арқылы физикалық, психофизикалық және жеке қасиеттерін, өзін-өзі диагностикалау, ұжымдық жұмыс жасау, салауатты өмір салтына ынтасын арттыру және кәсіби қызметке дайындау дағдыларын дамытады.	Демонстрациялық әдіс; тәжірибеге бағытталған әдіс; тренинг	ОН 1; ОН 2	бақылау нормативтері; дифф.сынақ
5	GES 205 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	ЖБП/ МК	5	Бағдарламаның мақсаты – студенттерде процестерді, ақпаратты іздеу, сақтау және өңдеу әдістерін, сандық технологиялар арқылы ақпаратты жинау және беру әдістерін сыни тұрғыдан бағалау және талдау қабілетін дамыту болып табылады. Студенттер ақпараттық ресурстарды іздеу және бағалау, деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және технологияны пайдалана отырып тиімді қарым-	Проблемалық оқыту әдісі; дискуссиялық (пікір-талас) әдісі; жобалау әдісі; кейс- стади	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Тест, Жоба



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				қатынас жасау дағдыларын меңгереді. Олар алған білімдерін есептерді шешуде қолданады, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда сыни тұрғыдан өздігінше ойлай алады.			
6	GES 106 Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	ЖБП/ ТК	5	Курс құқықтық сауатты, заңға бағынатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Студенттер өздерінің құқықтары мен міндеттерін біледі және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік танытады. Студенттер өз қызметінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік, құқықтық және этикалық нормаларын қолдана алады. Курс заңдылық түсініктерін, этикалық қағидалары мен қоғамдағы сыбайлас жемқорлықпен күрес қағидаларын дамытады.	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; конақ дәрістер	ОН 1; ОН 2	Эсселер; презентациялар; жазбаша емтихан
	GES 106 Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері			Пән студенттердің заманауи экологиялық білімі мен мәдениетін қалыптастырады, өмір қауіпсіздігі үшін техникалық құралдар мен технологиялық процестердің қауіпсіздігін арттыру әдістерін қолдану дағдыларын дамытады. Пән әртүрлі деңгейдегі ұйымның экожүйелері қызметінің, тұтастай биосфераның негізгі заңдылықтарын, адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасында туындайтын қайшылықтарды, сондай-ақ табиғат пен экологияға ұқыпты қарау қажеттігін айқындайды.	Кейс, фишбоун, Т кестесі, "ДЖИК СО" әдісі, "Венн диаграмма" әдісі, "Кластер" әдісі	ОН 1; ОН 2	Ауызша сауалнама. Эссе. Емтихан (жазбаша, тест)
	GES 106 Экономика және кәсіпкерлік негіздері			Пән студенттердің кәсіпкерлік дағдылары мен іскерлік ойлауын қалыптастыруға бағытталған. Студенттер экономиканың, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттарын, оның ішкі және сыртқы ортасының заңдылықтарымен жан-жақты танысу арқылы бизнес-жоспар, жеке бизнесті құру және өз бизнесін сәтті жүргізу дағдыларына ие болады.	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; методы Фишбоуна; гостевые лекции; Метод проектов	ОН 1; ОН 2	Эсселер, презентациялар, жобалар, тест



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	<p>GES 106 Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу</p>		<p>Пәнді игеру арқылы әрбір студент жеке тұлға ретінде көшбасшылық қасиеттерін ашу және дамыту, инновациялық үдерістерден туындаған жаңалықтарға бейімделу дағдыларын дамыту, сонымен бірге ғылыми-техникалық үдерістер нәтижелерін кәсіби қызметінде қолдана алу мүмкіндіктеріне үйренеді. Басқарудағы көшбасшылық қасиеттер мен адами фактордың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын оқып біледі.</p>	<p>Төңкерілген оқыту, жағдаттық (ситуативное) оқыту (Кейс жинау), технологиялық оқыту (Padlet тақта, канва қосымшасы, комикстер, кахоот, т.б.)</p>	<p>ОН 1; ОН 2</p>	<p>Ауызша (кейстерди шешу)</p>
	<p>GES 106 Эмоционалды интеллект</p>		<p>Эмоционалды интеллект пәнін оқытудың мақсаты студенттердің басқару қызметінде эмоционалды интеллект технологияларын қолдану саласындағы теориялық және практикалық білімдерін, дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ медициналық ұйымдарда клиникалық психологтың кәсіби қызметіне қажетті жаңа құзыреттілікті (эмоционалды интеллект) қалыптастыру және қолда бар біліктілік шеңберінде кәсіби деңгейін арттыру болып табылады.</p>	<p>Рөлдік ойындар; оқу дискуссиялары; кейс-стади; жобалау әдісі</p>	<p>ОН2</p>	<p>Критериалды бағалау әдісі; Жоба қорғау</p>
	<p>GES 104 Математикалық статистика негіздері</p>		<p>Пәннің мақсаты - студенттерді жүйелі ойлаудың формалары мен заңдылықтарымен таныстыру, студенттерді жүйелі ойлауға үйрету, оларда негізделген дәлелдеу дағдыларын дамытуға көмектесу болып табылады. Студенттер деректерді жинау, өңдеу және идеялар ұсыну процесін түсінеді, қарастырылатын объектінің немесе құбылыстың жағдайын бағалауда деректерді сандық және сапалық талдауды қолдану дағдылары қалыптасады.</p>	<p>Түсіндіру, кейс стади, топпен және жұппен жұмыс</p>	<p>ОН 1; ОН 2</p>	<p>Жазбаша емтихан</p>
<p>GLC-2 Тілдік коммуникация</p>						



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

Модуль сипаттамасы: Модульді меңгеру барысында студенттерде қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті қалыптасады. Студенттер жазбаша және академиялық жазылым тұрғысында ауызша сөйлеудің практикалық дағдыларын дамытады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	GLC 101 Қазақ (Орыс) тілі	ЖБП/ МК	10	Пән қазақ (орыс) тілінде тілдік дайындықты дамытуды жалғастыруға бағытталған. Пәннің мақсаты – тілді сенімді меңгеру, оны кәсіби және оқу мақсатында қолдана білу болып табылады. Студенттер нақты бір тілде сауатты және тиімді сөйлеу дағдыларын дамытады, сөздік қорын кеңейтеді, грамматикалық және орфографиялық сауаттылығын, академиялық жазу дағдыларын жетілдіреді.	АКТ технологиялары; проблемалық-ізденіс оқыту технологиясы; сынақ технологиялары	ОН 1; ОН 2	Тест
2	GLC 102 Шетел тілі	ЖБП/ МК	10	Пәннің мақсаты – студенттердің әртүрлі мақсатта шетел тілінде сөйлеу дағдыларын кеңейту және нақтылау болып табылады. Пәнді оқу барысында студенттер шетел тілінде тыңдау, сөйлеу, жазу және грамматика дағдыларын жаттықтырады және жетілдіреді, тұлғалық және кәсіби әлеуеттері байытады. Пәнді оқу барысында студенттердің мәдени ой-өрісі кеңейеді, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдылары қалыптасады.	Коммуникативтік, АКТ технологиялары;	ОН 1; ОН 2	Тест
3	ICP101 Жалпы психология	БД/ВК	6	Курстың мақсаты: психологиядағы іргелі тұжырымдамалар мен теориялар жөнінде студенттерге жан-жақты түсінік беру, сондай-ақ олардың психологиялық зерттеулерді бағалау мен талдап түсіндіру кезіндегі сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектесу. Студенттер мінез-құлық пен психикалық процестерге әсер ететін биологиялық, әлеуметтік және мәдени факторлардан біршама	Демонстрация әдісі; Пікірталас әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс-стади.	БН 1	Ауызша сұрау, жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				тереңірек түсінік алады. Курс соңында студенттер психология саласы туралы нақты түсінік алады және онымен іргелес салаларда әрі қарай оқуға жақсы дайындалады.			
4	ICP 102 Клиникалық психологияға кіріспе	БД/ВК	5	Мақсаты: студенттерді аурулардың алдын-алуға, ауруды жеңуге, оған табысты әлеуметтік-психологиялық бейімделуге, оңалтуға бағытталған, балалар мен жеткіншектердің, ересектердің денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында клиникалық психологияны білуді қажет ететін мамандардың кәсіби іс-әрекетінің қолданбалы саласымен таныстыру. Пәнді оқып үйрену кезінде студент клиникалық психология, нейропсихология мен патопсихология салаларындағы ұғымдық аппараттарды, сондай-ақ психодиагностиканың негізгі әдістері мен әдіс-тәсілдерін меңгереді.	Демонстрация әдісі; Пікірталас әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс-стади.	ОН2 ОН4	
5	ICP 103 Оқу практикасы			Практиканың мақсаты: іс-әрекеттің негізгі бағыттарымен, проблемаларымен, кәсіпорынның даму перспективаларымен танысу, ұйымның құрылымымен танысу, клиникалық психологтың іс-әрекетін реттейтін нормативтік құжаттардың мазмұнын зерттеу. Студенттер жеке адамдар мен топтардың сипаттамалары мен әртүрлі әрекеттеріне талдау жасайды. Олар денсаулықты сақтаудағы, тәрбие, еңбек және ұйымдастырушылық іс-әрекет процестеріндегі психологиялық факторлардың рөлі туралы түсінік алады	Кейс әдісі, бақылау әдісі	ОН1; ОН2; ОН3; ОН4; ОН5; ОН6	
6	PPID 201 Әлеуметтік психология	БД/ВК	5	Курс адамдардың мінез-құлқы мен сезімдерінің, ойларының қалыптасу тәсілдерін, олар өмір сүретін әлеуметтік ортамен байланыста оқып үйренуге бағытталған. Курс барысында студенттер адамның әлеуметтік мінез-құлқының негізінде жатқан психологиялық процестер жөнінде тереңірек түсінік алып, осы саладағы зерттеулер мен теорияларды сыни тұрғыдан бағалайтын болады. Әлеуметтік психологияны оқып үйрену студенттерге әлеуметтік-психологиялық	Демонстрация әдісі; Пікірталас әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс-стади.	РО Н4 ОН4 ОН10	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				зерттеулерді жүргізу мен талдап түсіндіруден де практикалық тәжірибелер береді.			
	РРІД 202/1 Тұлға психологиясы	БД/КВ	5	Мақсаты: тұлғаны бағалау үшін қолданылатын негізгі тұлға теориялары мен әдістерін оқып үйрену. Студенттер тұлғаның дамуына әсер ететін биологиялық және қоршаған орта факторлары туралы білетін болады. Сонымен қатар, курс тұлға мен тұлға бұзылуының соңғы кездердегі зерттеулерін қамтиды және студенттерге клиникалық психология, әлеуметтік психология мен өндірістік-ұйымдастырушылық психология сияқты салалардағы тұлғаны зерттеудің практикалық қолданыстарына шолу жасайды.	Демонстрация әдісі; Пікірталас әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс-стади.	PO4 PO10	
	РРІД 202/2 Тұлға теориялары	6		Мақсаты: өткен ғасырлардағы жетекші психологтар ұсынған тұлға теорияларының кең ауқымын оқып үйрену. Студенттер тарихи мәнмәтіндерді, негізгі ұғымдарды, зерттеу әдістерін және олардың практикадағы қолданыстарын білу. Тұлға туралы классикалық психоаналитикалық, бихевиористік, когнитивті және гуманистік бағыттарға талдау жасау.	Демонстрация әдісі; Пікірталас әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс-стади.	PO4 PO10	
	РРІД 203/1 Даму психологиясы /	БД/КВ	5	Мақсаты: білім алушылар дамуға әсер ететін биологиялық және қоршаған орта факторлары адамның бүкіл өмірінде болатын психологиялық, когнитивті және әлеуметтік		Р O2 OH4	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				өзгерістер туралы түсінік алады. Курс соңында студенттерде даму салаларындағы зерттеулерді бағалау мен талдап түсіндіру үшін қажетті білімдер мен дағдылар қалыптасады. Сондай-ақ, олар бүкіл өмір бойы адамның мінез-құлқын қалыптастыра отырып, психологиялық, когнитивті және әлеуметтік өзгерістер қалай өзара әрекеттестікке түсетіндігі жөнінде де терең түсінік алады.		ОН2	
	PPID 203/2 Жас ерекшелік психологиясы			Мақсаты: Курс аясында студенттер ерте балалық шақтан кәрілікке дейінгі физикалық, когнитивті, әлеуметтік және эмоционалдық дамуды қоса алғанда, бүкіл өмірлік кезеңдердегі адамның даму процестерін терең зерттеп үйренеді. Сондай-ақ, генетикалық, қоршаған орта мен мәдениет сияқты әртүрлі факторлардың тұлғаның дамуына тигізетін әсерін меңгереді.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	P O2 ОН2 ОН4	
	PPID 204/1 Дифференциальды психология/	БД/КВ	5	Курс танымдағы, тұлға мен мінез-құлықтағы индивидуалды өзгешеліктерді өлшеу мен түсіну тәсілдерін оқып үйренуге бағытталған. Студенттер индивидуалды өзгешеліктердің динамикалық табиғатын түсіну үшін қажетті дағдылар мен білімдерге ие болады және шынайы жағдайларда дифференциалды психологиялық принциптерді қолдана алатын болады. Индивидуалды өзгешеліктерді бағалауға байланысты этикалық және заңдық нормалар туралы білімге ие болады.		ОН5 ОН10 ОН12	
	PPID 204/2 Индивидуалды өзгешеліктер психологиясы			Мақсаты: адамдар арасындағы айырмашылық критерийлерін терең оқып үйрену. Білім алушылар жеке тұлғаның және бүкіл топтың бірегей қасиеттерін талдау және сипаттау дағдыларын меңгереді; адам сипаттамаларының әртүрлілігіне қандай факторлар (генетикалық, биологиялық, әлеуметтік-мәдени және т. б.) ықпал ететінін және бұл айырмашылықтар мінез-құлыққа, шешім қабылдауға және қоршаған әлеммен өзара әрекеттесуге қалай әсер ететінін зерттейді. Өзін-өзі анықтауда және жеке тұлғаның салауатты сәйкестігін қалыптастыруда практикалық көмек көрсету дағдыларына	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	ОН5 ОН10 ОН12	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				ие болады. Жеке және топтық психологиялық портрет жасауды үйренеді. Курстың соңында студенттер интеллект, тұлға және пайда арасындағы байланысты түсіндіру үшін жеке айырмашылықтарды өлшеудің маңыздылығын түсінеді, мысалы, мектептегі сәттілік, кәсіпті игеру, тұлғааралық қатынастар, физикалық және психикалық денсаулық.			
	ІСР 103 Оқу практикасы	1	БД/ҚВ	Мақсаты: психологтың жұмысына қатысты психологиялық сараптаманың әдіснамасы мен әдістері туралы жүйелі түсінік қалыптастыру, сондай-ақ психологиялық сараптама жүргізу дағдыларын дамыту. Білім алушы ғылыми жетістіктерді сыни талдауды қолдана бастайды, зерттеу және тәжірибелік мәселелерді шешуде идеяларды қалыптастыра бастайды, нақты жағдайды ескере отырып, сараптаманың психологиялық әдістерін таңдай алатын болады; алынған деректерді талдайды және түсіндіреді, зерттеу нәтижелерінің егжей-тегжейлі есебін дайындайды, қорытынды жасайды.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	ОН5 ОН9	
	МҒСР201/1 Тұқым қуалайтын және генетикалық аурулар негіздері	БД/ҚВ		Мақсаты: ми мен жүйке жүйесінің жұмысын, мидың жекелеген аймақтарының жұмысын, генетикалық ақпаратты қалыптастыру және сақтау механизмдерін, реттеу және үйлестіру процестерін терең зерттеу. Курс барысында білім алушылар генетика негіздері, Адам геномы, генетикалық ақпаратты жасушалық деңгейде беру механизмдері және әртүрлі аурулардың генетикалық		ОН4 ОН5	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				себептері туралы білім алады. ДНҚ, РНҚ құрылымы туралы білім алады. Студенттер бұл ұғымдарды қабылдау, есте сақтау, ойлау және эмоциялар сияқты нақты психикалық функциялармен байланыстыруды үйренеді.			
	MFSP201/2 Тұқым қуалайтын аурулар		БД/КВ	Бұл медициналық курстың пайда болуы мен дамуы тұқым қуалайтын аппараттағы әртүрлі ақаулар мен бұзылуларға байланысты аурулардың тұқым қуалау принциптерін зерттеу мақсаты бар. Олар мыналарды ажыратуды үйренеді: хромосомалық, митохондриялық және генетикалық аурулар; тұқым қуалайтын қауіп факторларын зерттеу негізінде қолайлы және қолайсыз (немесе ауырлатылған) тұқым қуалаушылық медицина қызметкерлерімен бірлескен іс-әрекетте психологиялық және медициналық араласуды жүзеге асыру үшін ағзаның қоршаған ортамен қарым-қатынасының ерекшеліктерін анықтай алады.		ОН4 ОН5	
	MFSP202/1 Нейропсихология		БД/КВ	Мақсаты: неврологиялық және нейропсихологиялық бұзылыстарды бағалау мен диагностикалауда, емдеуде нейропсихологиялық принциптер мен әдістерді қолдану. Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студенттер әртүрлі стандарттыланған тестерді, мінез-құлықты бақылаулар мен басқа да бағалау құралдарын пайдалануды қоса алғанда, жан-жақты нейропсихологиялық бағалауды жүргізудің практикалық тәжірибесіне ие болады. Курс соңында студенттер неврологиялық және нейропсихологиялық бұзылыстары бар науқастарға сапалы көмек көрсету үшін қажетті білімдер мен дағдыларды меңгеріп шығады. Сондай-ақ, олар осы бұзылыстардың күрделі, әрі динамикалық табиғатын жақсы түсініп, шынайы жағдайларда алған білімдерін қолана алатын болады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	ОН7 ОН10 ОН11 ОН12	
	MFSP202/2 Жорғы жүйке әрекетінің негіздері		БД/КВ	Жоғары жүйке қызметінің негіздері: Курс ақпараттарды сақтау мен түзілу механизмдерін, мидың жекелеген аймақтарының қызметтерін талқылай		ОН7 ОН10 ОН11	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				отырып, ми мен жүйке жүйесінің жұмысын терең түсінуге мүмкіндік береді. Студенттер бұл ұғымдарды қабылдау, ес, ойлау мен эмоциялар сияқты нақты психикалық функциялармен байланыстыруды үйренеді.		ОН12	
	МФСР203/1 Психопатология			Курстың мақсаты-психикалық саланың бұзылуының белгілерін (симптомдарын), олардың комбинациясын (синдромдарын) оқып үйрену. Білім алушылар психикалық функциялардың бұзылуының объективті заңдылықтары туралы түсінік алады. Студенттер психикалық бұзылуларды жіктеудің халықаралық жүйелерін қолдана алады, терапевтік және іс-шараларды жүргізу, психикалық ауруларды болжау және алдын алу дағдыларын игереді. Олар әртүрлі ғылыми мектептердегі түзету және емдеу тәсілдерінің айырмашылығын түсінеді		ОН5 ОН6 ОН7	
		ПД ВК					
	МФСР203/2 Психикалық бұзылыстардың клиникасы			Курстың мақсаты: этиологияны адамның іс-әрекетіндегі психикалық функциялардың бұзылуының клиникалық көрінісі мен динамикасы оқып үйрену. Студенттер эндогендік және экзогендік психикалық бұзылуларды зерттеу және дәрігерлермен бірге емдеу дағдыларын алады. Тұлғаның психикалық функцияларын зерттеуді үйреніңіз. Курс барысында олар түсінеді психикалық бұзылулар адамдардың өмір сапасына қалай әсер етеді. Курс сонымен қатар пациенттермен жұмыс істеудің деонтологиялық аспектілерін қарастырады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	ОН4 ОН5 ОН10	
	МФСР204/1 Сексопатология		БД ВК			ОН4 ОН5 ОН10	
				Мақсаты: жыныстық бұзылыстарды, жыныстық өмірдің бұзылысының маңызды себебі ретіндегі ерлер мен әйелдердің психофизиологиялық сәйкессіздік мәселелерін, сондай-ақ бедеулік мәселесін оқып үйрену. Пәнді игеру			



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				нәтижесінде студент урология, гинекология, эндокринология, невропатология, психиатрия, физиология, психология және әлеуметтанудың тиісті әдістеріне негізделген тұжырымдамаларды талдай алатын болады.			
	MFSP204/2 Жыныстық қатынастар психологиясы			Курс жыныстық мінез-құлық пен оның адам өміріндегі рөлі туралы жан-жақты түсінік береді. Студенттер секстің физиологиясымен және сексуалдық дамумен байланысты мінез-құлық ерекшеліктерін қарастырады және оларды оқып үйренеді. Сексуалдық бағдарды, сексуалдық денсаулықты, сексуалдық қатынастарды және онымен байланысты мәселелерді анықтайтын генетикалық және әлеуметтік факторлардың күрделі өзараәрекеттестігін қарастырады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.		
	MFSP205 Психиатрия және наркологиия			Мақсаты: ішімдік пен басқа да психобелсенді заттарды қолдану салдарынан болатын психикалық бұзылыстарды, бұзылыстардың жіктелуін оқып үйрену. Пәнді игеру нәтижесінде студент: органикалық, эндогендік, экзогендік және соматогендік психикалық бұзылыстарды даралап ажыратуға; мінез-құлық бұзылыстарының этиологиясы мен патогенезін түсінуге; психикалық бұзылыстар		ОН5 ОН8 ОН9	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				терапиясының мәселелеріне қатысуға, алдын-алу мен оңалтудың негізгі принциптерін түсінуге қабілетті болады.			
	MFSP206 Неврология			Пәнді игерудің мақсаты білім алушылардың эволюцияның негізгі кезеңдері, жүйке жүйесінің құрылымы мен жұмыс істеу принциптері, неврологияның пәні, әдістері мен міндеттері туралы жүйелі теориялық және қолданбалы білім алуы, сондай-ақ білім алушыларды әртүрлі неврологиялық аурулары бар пациенттерге көмек көрсету шеңберінде практикалық міндеттерді іске асыруға даярлау болып табылады..	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	ОН8 ОН9 ОН11	
	PACP 301 Психосоматика	БД ВК		Мақсаты: студенттерге денсаулық жағдайына әсер ететін психологиялық факторларды бағалаудың әдістері мен принциптерін меңгерту. Студенттер психогендік ауруларды болжаудың дағдыларын игереді. Психологиялық денсаулықты бағалаудың әртүрлі құралдарын қолдануды үйренеді. Олар соматоформалық бұзылыстарды, созылмалы ауырсынуды қоса алғанда, осы бұзылыстарды диагностикалаудағы, түзету мен емдеудегі соңғы жетістіктермен танысып, психосоматикалық бұзылыстар туралы білетін болады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	ОН2 ОН4 ОН10	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	РАСР 302/1 Психофизиология/	БД/КВ		Мақсаты: психиканың сенсорлық және перцептивті процестерінің нейрондық және физиологиялық негіздерін оқып үйрену. Студенттер физиологиялық жауап реакцияларының мінез-құлық пен мотивацияларға, эмоцияларға қалай әсер ететіні туралы білім алады. Физикалық және ақыл-ой жұмысына қабілеттіліктің психологиялық бұзылыстарын түзету мен бағалау үшін психофизиологияны қолданудың дағдыларын меңгереді. Студенттер мазасыздық пен депрессия секілділерді, сондай-ақ физикалық және ақыл-ой жұмысына қабілеттіліктің психологиялық бұзылыстарын түзету мен бағалау туралы білетін болады.		ОН2 ОН9 ОН10	
	РАСР 302/2 Психикалық іс-әрекеттің физиологиялық негіздері	БД/КВ		Курс психикалық іс-әрекеттер мен организмдегі физиологиялық процестер арасындағы өзара әрекеттестікті қарастыратын, психология мен нейроғылымдардың қиылысы болып табылады. Ол мидың құрылымы мен қызметі, нейротрансмиттерлер мен гормондар, сондай-ақ олардың қабылдауға, эмоцияларға, есте сақтау мен мінез-құлыққа тигізетін әсері сияқты тақырыптарды талқылайды.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	ОН2 ОН9 ОН10	
	РАСР 303/1 Психикалық саулық және аддикция			Мақсаты: студенттерге психикалық денсаулық жағдайында тәуелділіктің күрделілігі туралы жан-жақты түсінік беру, алдын-алу, зиянды азайту және қалпына келтіру мүмкіндігі. Студенттерге жүйелік мәселелерді сыни тұрғыдан талдауға, тәуелділіктің әртүрлі түрлеріне бейім адамдарға кеңес беру және түзету дағдыларын дамытуға және қолдануға шақырылады. Пәнді игеру	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	ОН4 ОН5	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				нәтижесінде білім алушылар тиісті мамандықтардың дәрігерлерімен дені сау және патологиялық тұлғаны, сондай-ақ күйзеліске ұшыраған және тәуелділігі бар адамдарды диагностикалау дағдыларын қолдану.			
	РАСР 303/2 Тәуелділік мінез-құлық психологиясы			Курс маскүнемдік пен нашақорлықтан ойынға және ғаламтарға тәуелділікке дейінгі тәуелділіктің әртүрлі формаларын зерттеуге бағытталған. Студенттер сыртқы жағдайлар мен генетикалық бейімділік ретіндегі бірқатар адамдардағы зиянды әдеттердің қалыптасуына, тәуелділіктің дамуына әсер ететін психологиялық, әлеуметтік және биологиялық факторлардың әсерін түсінуге үйренеді, сондай-ақ алдын-алу мен емдеу әдістерін үйренеді.		ОН4 ОН5	
	ССВРС 301 Медициналық ортадағы коммуникативтік дағдылар	ПД	5	Мақсаты: биомедициналық этикадағы, медициналық этикадағы, медицинадағы пациентке бағдарланған бағыт тұрғысынан пациентке адамгершілік қатынасты қалыптастыруға жағдай жасау. Курс барысында студенттерді нақты клиникалық жағдайларда қажетті: «психолог-пациент», «психолог-пациенттің туыстары», «психолог-дәрігер», «психолог-медбике», «психолог-психолог» психологтың конструктивті қарым-қатынас тәсілдерінің вербалды және бейвербалды жиынтығын пайдалануға оқытады. Бұл курстың соңында студент медицинада кездесетін этикалық қиын жағдайлардағы клиникалық кейстерді шешу кезінде дұрыс кері байланыс беретін жағдайларды көрсетіп, талдайды.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кей зерттеу.	ОН3 ОН4	
	ССВРС 302/1 Психологиялық кеңес беру негіздері/	5+1		Мақсаты: жеке, отбасылық және топтық кеңес беруді қоса алғанда, кеңес берудің әртүрлі бағыттарын оқып үйрену. Курс студенттерге этикалық және заңдық нормаларды сақтай отырып, әртүрлі салалардағы кеңес берудің практикалық қолданыстарына шолу жасауды ұсынады.		ОН7 ОН11 ОН12	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				Студенттер кеңес беру мен терапия арқылы психологиялық және эмоционалдық қиындықтарды шешу үшін қажетті білім мен дағдыларды алады.			
	ССВРС 302/2 Психологиялық кеңес беру технологиялары			Курстың мақсаты интервью, бақылау, тестілеу және басқаларын қоса алғанда психологиялық кеңес беру технологиялары мен әдістерінің кең ауқымын қарастыру болып табылады. Студенттер адамның тұлғалық тиімділігін арттыру мақсатында оларға кәсіби психологиялық көмек көрсетудің дағдыларын меңгереді. Практикалық дағдылардың дамуы мен мамандықтың этикалық аспектісіне көп көңіл бөлінеді.			ОН7 ОН11 ОН12
	СРW304 Психологиялық сараптама негіздері	ПД/ВК	5	Мақсаты: психологтың жұмысында қолданылатын психологиялық сараптаманың әдіснамасы мен әдістері туралы жүйелі түсінік қалыптастыру, сондай-ақ психологиялық сараптама жүргізу дағдыларын дамыту. Білім алушылар ғылыми жетістіктерді сыни тұрғыдан талдауды қолдана бастайды, зерттеу және практикалық міндеттерді шешу кезінде идеялар таратады, нақты жағдайды ескере отырып, сараптаманың психологиялық әдістерін тандайды; алынған мәліметтерді талдайды, талдап түсіндіреді, зерттеу нәтижелері бойынша толық есебін дайындайды, қорытынды жасайды.			
	СРW 301/1 Психодиагностика/	5		Курстың мақсаты адамдар тобы мен тұлғаны диагностикалаудың және психологиялық бағалаудың тәсілдерін қолдануды оқып үйренуге бағытталған. Студенттер құрылымдық интервью, өзін-өзі бағалауды өлшеу мен мінез-құлықты бақылауды қоса алғанда, психологиялық бағалауда қолданылатын әртүрлі әдістер мен техникалар туралы білетін болады. Шынайы жағдайларда психодиагностиканы қолдану үшін қажетті дағдылар мен білімдерді меңгереді. Психикалық денсаулықпен байланысты психологиялық процестер жөнінде тереңірек түсініктер қалыптасады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.		ОН4 ОН8 ОН11



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	CPW 301/2 Тұлға мен ұжымды зерттеудің әдіс-тәсілдері			Курсты оқып үйрену барысында студенттер тұлға психологиясы мен әлеуметтік психологияда қолданылатын зерттеу әдістерін меңгереді. Студенттер тұлға мен топтық мінез-құлықтың әртүрлі аспектілерін зерттеп білу үшін сауалнама, интервью, тест, бақылау, эксперимент секілді әдістерді қолдана білуді оқып үйренеді. Зерттеу мақсаттарына сай әдістерді таңдап алуға үйренеді.			
	CPW 302/1 Патопсихологияның практикумы			Мақсаты: студенттерге патопсихология саласында практикалық тәжірибелер беру, сондай-ақ, студенттердің психикалық бұзылыстарды бағалау, диагностикалау мен емдеуде патопсихологиялық принциптер мен әдістерді қолдануға үйрету. Студенттер мазасыздық, депрессия, биполярлық бұзылыстар мен патопсихология саласындағы басқа да бұзылыстарды қоса алғанда, әртүрлі психикалық денсаулықтың бұзылыстары туралы практикалық тәжірибелер мен білімдер алады және психикалық бұзылыстары бар клиенттерге сапалы көмек көрсету үшін қажетті дағдылар мен білімге ие болады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.		
	CPW 302/2 Патопсихологиялық психодиагностика			Бұл курс студенттерді әртүрлі психикалық және нейрологиялық бұзылулармен байланысты психикалық іс-әрекеттің патологиялық өзгерістерін диагностикалауға үйретеді. Бұл типтік белгілерді зерттеп білу, стандартты диагностикалық құралдарды қолдану мен емдеу жоспарларын әзірлеуден тұрады.			
	ССВРС 303/1 Психотерапия	5		Пән психотерапияның пайда болу тарихымен, жалпы теориялық және әдіснамалық мәселелерімен, психотерапия бағыттарымен таныстыруға арналған. Дамудың, оқытудың, психикалық денсаулықты қорғаудың, соның ішінде балалар мен жеткіншектердің психологиялық мәселелерін шешудің дағдылары, қазіргі заманғы бағыттары туралы түсініктер қалыптастыруға ерекше назар аударылады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	ОН7 ОН10 ОН11 ОН12	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	ССВРС 303/2 Психотерапия әдістері			Курс психоанализ, когнитивті-мінез-құлықтық терапия, гештальт-терапия, жүйелік терапия және т.б. қоса алғанда, психотерапияның негізгі әдістеріне шолу жасаудан тұрады. Теориядан басқа, студенттер бұл әдістерді практикада қолдана алады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.		
	МАСР 401 Клиникалық психологияны зерттеудің әдіснамасы	БД/КВ	6	Мақсаты: студенттерге клиникалық психология саласында зерттеулер жүргізуге байланысты бірегей мәселелер мен түсініктерге баса назар аудара отырып, зерттеу дизайнын құру, мәліметтерді жинау мен талдау туралы жан-жақты түсінік беру. Студенттер зерттеу мақалаларын бағалау, сондай-ақ зерттеу есептерін жазу тәжірибесіне ие болады. Осы салада жоғары сапалы зерттеулер жүргізу үшін қажетті дағдылар мен білімді алады. Олар ғылыми қатандықтың маңыздылығы мен клиникалық психология саласындағы білімнің ғылыми деректерінің рөлін тереңірек түсінетін болады.			
	МАСР 401/2 Клиникалық психологиядағы зерттеулерді жобалау			Мақсаты: клиникалық психологиядағы зерттеу дизайнын оқыту. Студенттер бүкіл зерттеу процесін терең түсінуге қол жеткізу - идеяны әзірлеу, әдістерді таңдау, нәтижелерді талдау және жазбаша ғылыми есеп дайындау. Эксперименттік дизайнның егжей-тегжейлі сипаттамасын, деректерді бағалауды, талдауды және түсіндіруді, сондай-ақ сапалы зерттеу әдістерін үйреніңіз	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	ОН4 ОН5 ОН10	
	БД/ВК Өндірістік практика						
	БД/КВ Сексопатология			Мақсаты: жыныстық бұзылыстарды, жыныстық өмірдің бұзылысының маңызды себебі ретіндегі ерлер мен әйелдердің психофизиологиялық сәйкессіздік мәселелерін, сондай-ақ бедеулік мәселесін оқып үйрену. Пәнді игеру нәтижесінде студент урология, гинекология, эндокринология, невропатология, психиатрия, физиология, психология және әлеуметтанудың тиісті әдістеріне негізделген тұжырымдамаларды талдай алатын болады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	ОН4 ОН5 ОН10	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	CPW 305/1 Аутизм (немесе аутистік) спектрінің бұзылуы			Мақсаты: АСБ психологиялық диагностикалау әдісімен аутистік спектрінде бұзылыстар бар балалармен психокоррекциялық жұмыстар жүргізудің мазмұны мен технологиясы жөнінде студенттердің түсініктерін қалыптастыру. Студент: бұзылыстың нозологиясы туралы ақпаратты анықтау мен талдауға; пациентті (клиентті) психодиагностикалық зерттеу арқылы алынған мәліметтерді талдау мен өңдеуге, жазылған құрылымдық психологиялық қорытынды тұжырымдауға, алдын-алу, емдеу, оңалту мақсатында психологиялық араласу бағдарламасын дайындауға қабілетті болады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу	ОН2 ОН5 ОН9	
	CPW 305/2 Тұлғаның нейропсихологиялық бұзылыстары			Курс нейропсихологиялық бұзылыстардан туындаған тұлғаның бұзылуын зерттейді. Бұл бұзылыстардың түрі мен сипатын, олардың тұлғаның мінез-құлқы мен әлеуметтік қызметіне әсерін, сондай-ақ түзету мен оңалту әдістерін талқылаудан тұрады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу		
	МАСР 402 Отбасылық кеңес беру және психотерапия			Курстың мақсаты: студенттерге отбасылық кеңес беру мен терапияның принциптері мен практикасы туралы түсінік беру. Студенттер отбасылық терапия сеанстарын өткізу мен кері байланысты қамтамасыз етудің және отбасына қолдау білдірудің дағдыларын меңгереді. Психикалық денсаулық пен амандықты нығайту үшін психологиялық бұзылыстармен жұмыс істегенде олар отбасындағы қатынастарды талдай алатын болады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу	ОН7 ОН10 ОН11 ОН12	
	МАСР 403/1 Қазіргі когнитивті-мінез- құлықтық терапия/			Мақсаты: когнитивті-мінез-құлық терапиясының негізгі элементтері мен терапевтік араласу дағдыларын меңгерту. Студенттер когнитивті-мінез-құлық терапиясының әртүрлі аспектілері туралы білетін болады, сеанстарды өткізу мен кері байланысты қамтамасыз етуде, клиентке қолдау көрсетуде тәжірибе жинақтайды. Психологиялық бұзылыстардың кең ауқымын түзету мен емдеуде когнитивті-мінез-құлық терапиясының рөлі мен дәлелді практикасын түсіне алады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу	ОН2 ОН11 ОН12	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	МАСР 403/2 Рационалды-эмотивті терапия			Мақсаты: бейімделгіш мінез-құлық формаларын, бара-бар бейім-бағдар жүйелерін қалыптастыруды біріктіретін түзетудің ең тиімді тәсілдерін оқып үйрену. Студенттер ақыл мен ұтымдылықты қолдану арқылы өзін-өзі бұзатын когнитивті процестерді қалай тануға болатындығын және эмоцияларды дұрыс жеткізе білуді оқып үйренеді. Клиенттердегі санаға дейінгі деструктивті мінез-құлық үлгілерін тану дағдыларына үйреніп болып, содан кейін біршама конструктивті мінез-құлықтың пайдасына қарай оларды қалпына келтіреді.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу	ОН2 ОН11 ОН12	
	МАСР 404/1 Суицидология негіздері			Мақсаты: практикалық психологиялық білімдер мен теориялық негіздемлері бар сала ретіндегі суицидологияға тұтас ғылыми көзқарас қалыптастыру. Аутодеструктивті мінез-құлық психологиясы мен суицидологияның негізгі теорияларын, суицидологияның әдіснамалық негіздерін оқып үйрену, психодиагностика дағдыларын қалыптастыру, суицидтік және аутоконструктивті мінез-құлық бар адамдарға психологиялық көмек көрсету.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу	РО4 РО5 РО10	
	МАСР 404/2 Жеткіншектердің суицидтік мінез-құлықты түзету мен алдын алу			Мақсаты: суицидке бару қаупі бар жеткіншектер мінез-құлықтың алдын-алу мен түзету жолдары мен құралдарын оқып үйрену. Студенттер әлеуметтік-психологиялық бейімделе алмаушылықтармен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді, жеткіншектердің суицидтік мінез-құлықтың алуан түрлі себептері мен ерекшеліктерін анықтауға үйренеді. Олар туындаған қиындықтарды ерікті түрде жеңудің, өзін-өзі реттеу мен жеткіншектердің өзін-өзі жүзеге асыру қабілеттерін қалыптастыру тәсілдері туралы білетін болады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу	ОН4 ОН5 ОН10	
	ПД/ВК Өндірістік практика						



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	МАСР 405/1 Ауытқыған мінез-құлықтар психологиясы			Мақсаты: қылмыстық мінез-құлық пен әлеуметтік ауытқулардың басқа да түрлерін қоса алғанда, девиантты мінез-құлықты оқып үйрену. Білім алушылар адамдардың неліктен девиантты мінез-құлыққа бейім екенін түсіндіретін теориялар туралы біледі және девиантты мінез-құлықтың пайда болуының индивидуалды, жағдайаттық және мәдени факторларының рөлін білетін болады. Студенттер девианттылықты зерттеп білудегі әр алуан бағыттардың күшті және әлсіз жақтарын бағалау үшін сыни ойлау дағдыларын, психотерапияны, когнитивті мінез-құлық терапиясын қолдануды қоса алағанда, девиантты мінез-құлықты бағалау мен түзетуді біліп шығады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу	ОН4 ОН5 ОН10	
	МАСР 405/2 Девиантология			Мақсаты: Қоғамның жалпы қабылданған нормаларынан ауытқитын адамның мінез-құлқының жалпы, арнайы және қолданбалы мәселелерін, сондай-ақ девиантты мінез-құлықтың алдын алу мен түзетудің Әлеуметтік және психологиялық тәсілдерін зерттеу. Студенттер адамның мінез-құлқына, сезімдері мен эмоцияларына психологиялық әсер ету әдістерінің жүйесін меңгереді, бейімделмеген көзқарастарды жеңу мақсатында девиантты мінез-құлыққа бейім адамдармен сындарлы қарым-қатынас дағдыларын меңгереді. Практикалық сабақтарда олар құқықтық нормаларды сақтай отырып, девиантты мінез-құлықтың алдын-алу бойынша практикалық ұсыныстар жасауды үйренеді.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу		
	МАСР 406/1 Психологиядағы математикалық әдістер/	4		Мақсаты: психологиялық зерттеулер жүргізу үшін қажетті математикалық және статистикалық әдістер негіздерін түсіну мен қолдану. Студенттер мәліметтерді талдау мен талдап түсіндіру үшін статистикалық бағдарламаларды қалай пайдалану керектігін үйренеді және нақты мәліметтерге қатысты мәселелерді шешу дағдылары мен сыни ойлауын дамытады. Математикалық және статистикалық ойлау дағдыларын игереді, мінез-құлықты	Веб-квест Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.		



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

				түсінуді қалыптастырудағы математика мен статистиканың рөлін саналы түрде ұғынады.			
	ААСРА 401 Медициналық құқық	БД/ВК	5	Мақсаты: медициналық құқықтың негізгі теориялық мәселелерін оқып үйрену. Пәнді игеру нәтижесінде студент: медициналық көмекті құқықтық реттеуді талдауға, дәрілік заттармен жұмыс істеудің құқықтық негіздерін айтып беруге, денсаулық сақтау мен оны қорғау тәсілдері саласындағы азаматтардың құқықтарын ашып көрсетуге қабілетті болады. Медициналық қызмет саласындағы этикалық талаптарға, медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғау тәсілдеріне, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін медициналық ұйымдар мен медицина қызметкерлерін заңды жауапкершілікке тарту ерекшеліктеріне назар аударады.	Демонстрациялық әдіс; Талқылау әдісі; Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу.	ОН1 ОН6	
	PP404 Өндірістік практика	11		Мақсаты: білім алушылардың кәсіптік-тәжірибелік даярлығы шеңберінде практикалық дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру, алдыңғы тәжірибеде (оқу) алған іскерліктері мен дағдыларын бекіту. Студенттер кәсіби цикл пәндері бойынша теориялық білімдерін тереңдетеді және бекітеді	Қатысушыларды бақылау әдісі; Кейс-стади; Кері байланыс әдісі	ОН 9 ОН 10 ОН 11 ОН 12 ОН 13	
	PP404 Өндірістік практика	5		Мақсаты: практикалық іс-әрекетте психологиялық ғылымдардың теориялық негіздерін игеру барысында алынған, оның дербес еңбек іс-әрекетіне дайындығын тексеру.	Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу		
	PP404 Диплом алды (өндірістік)	2		Мақсаты: студенттер оқу кезеңінде алған теориялық білімдерін қолдану негізінде таңдалған тақырыпқа сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) жазу мен қорғаудың нақты міндеттерін шешеді. Студенттер ғылыми-зерттеу гипотезаларын тексеру үшін теориялық және эксперименттік зерттеулерді ұйымдастырады	Кері байланыс әдісі; Семинар әдісі; Кейс зерттеу		



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты

	ИА Қорытынды аттестация Диплом жұмысын (жобасын) жазу мен қорғау немесе кешенді емтиханға дайындалу мен тапсыру	8/4		Мақсаты: бітірушінің кәсіптік міндеттерді орындауға дайындық деңгейін және оқытудың жоғары білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты мен кәсіптік стандарт талаптарына сәйкестігін белгілеу.	Эксперименттік әдіс Презентация Талқылау		
--	---	------------	--	---	--	--	--



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Педагогика және психология институты